



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

---

Мамыр **2024**

---

2024 жылғы мамырда жылдық инфляция 8,5%-ға дейін баяулады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен азық-түлік өндірушілердің жылдық бағасында дефляция жалғасып, азық-түлік бойынша тұтыну бағасының жылдық өсу қарқыны баяулай түсті. Азық-түлік дезинфляциясына әлемдік азық-түлік бағасының жылдық мәнде одан әрі төмендеуі де әсер етті.


Азық-түлікке жатпайтын компоненттердің жылдық өсу қарқыны өз динамикасын сақтап қалды. Бағам факторы – дезинфляцияға, ал тұрақты тұтыну сұранысы инфляцияға ықпал етіп отыр.

Реттелетін коммуналдық қызметтердің тарифі қымбаттап, қызмет көрсету инфляциясының өсу қарқыны жылдық мәнде әрі қарай жеделдеді. Сонымен қатар, қосымша проинфляциялық қысым кейбір реттелмейтін қызметтедің қымбаттауына әсер етіп отыр.

2024 жылғы мамырда жылдық инфляция әрі қарай баяулап, 8,5% болды (2024 жылғы сәуірде – 8,7%). Бір айдағы баға өсімі 0,4%-ға (0,6%) дейін баяулады (1-кесте).


Сонымен қатар, маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция айлық мәнде 0,35%-ға дейін баяулады (0,41%). Маусымдық факторларды қоспағанда, сүт өнімдері, ірімшік пен жұмыртқа, май, электр құралдары бағасының төмендегені байқалады. Коммуналдық қызметтердің кей түрлерінің маусымдық факторлар ескерілмеген бағасы өсу жағынан баяулап, жылу энергиясы мен байланыс қызметтерінің бағасы да төмендеді. Сонымен қатар, 2024 жылғы мамырда тауар мен қызметтің көбісінің маусымдық факторлар ескерілмеген аннуализацияланған бағасының өсімі межелі көрсеткіштен асып түсті (2-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-кесте. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістермен<sup>1</sup> есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның орташа мәні ай сайынғы мәнде 0,36% (0,42%) болды (3-кесте).

<sup>1</sup> Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.


3-кесте. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы мамырда азық-түлік бағасының өсімі жылдық мәнде 5,5%-ға дейін баяулады (сәуірде – 6,3% ж/ж). Бұл үрдіс жұмыртқа, сүт өнімдері, ет, көкөніс пен майдың жылдық дезинфляциясы нәтижесінде де байқалды (4-кесте).

4-кесте. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы мамырда азық-түлік компонентінің айлық дефляциясы байқалды, яғни 0,2%-ға төмендеді (2024 жылғы сәуірде 0,3%-ға өскен). Айта кету керек, 2024 жылғы мамырда 1997 жылдан бері алғаш рет азық-түлік компонентінде айлық дефляция тіркелді. Инфляцияның азық-түлік компонентіне қысымның төмендеуі қант, ет, сүт өнімдері бағасының өсу тұрғысынан баяулауы, сондай-ақ жұмыртқа, көкөніс, майлардың арзандауы әсер етті.

Жұмыртқа өндірушілердің бағасы айлық мәнде айтарлықтай төмендеп, 2024 жылғы мамырдағы жұмыртқаның тұтыну бағасы 9,8%-ға арзандады. Жылыжайда қияр мен қызанақ өндірушілердің бір айдағы бағасының үздіксіз төмендеуі үш ай қатарынан жалғасып, бағалардың төмендеуіне әкелді. Нәтижесінде, 2024 жылғы мамырда қияр бағасы 29%-ға және қызанақ бағасы 15,4%-ға төмендеді. 2024 жылғы наурыздан мамырға дейінгі кезеңде тұтыну бағасының төмендеу құбылысындағы жиынтық мәні, тиісінше 44,8% және 19% болды. Сондай-ақ, 2024 жылғы мамырда өндірушілер бағасының

төмендеуі және сұраныстың <sup>2</sup>азауы аясында-ақ қырыққабаттың бағасы 19,1%-ға төмендеді. Жарма бағасының төмендеуі байқалады (-1,8%), атап айтқанда, қарақұмық жармасы қарақұмық өндірушілері бағасының төмендеуіне байланысты 3,3%-ға арзандады. Өндірушілер бағасының төмендеуіне байланысты майлардың бағасы одан әрі төмендеді (-0,7%).

Алдыңғы екі айда өскен (2024 жылғы наурыз-сәуірде баға өсімі 6,8% болды) қант бағасы 0,1%-ға дейін баяулады. Бұл 2024 жылғы мамырда өндірушілер бағасының төмендеуіне байланысты болды. Ет бағасының айлық өсімі 0,1%-ға дейін баяулады. Бұған 2024 жылғы мамырда тірі мал мен құс бағасының және ет өндірушілер бағасының айлық мәнде төмендеуі ықпал етті.

Сонымен қатар, 2024 жылғы мамырда жемістердің 1,4%-ға қымбаттауынан азық-түлік бағасының серпініне жоғары қысым түскені байқалды. Сондай-ақ ұн (0,8%) және тиісінше қамырдан дайындалған өнімдер (1,3%), макарон өнімдері (0,5%) бағасының өсімі жеделдеді.

Айта кету керек, көптеген азық-түлік түрлерін өндірушілердің бағасы төмендегеніне қарамастан, жақын арада өндірушілер бағасының динамикасы оң аймаққа өтетіні байқалады.

---

**2024 жылғы мамырда басқа барлық негізгі азық-түліктің ішкі бағасы сыртқы бағадан асып түсті. 2024 жылғы мамырдағы бағам факторы теңгедегі сыртқы бағалардың төмендеуіне немесе баяу өсуіне ықпал етті.**

---

Өсімдік майлары, ет және қант бойынша баға дифференциалының кеңейгені байқалды. Дәнді дақылдар бойынша теңгедегі ішкі және сыртқы бағалар арасындағы алшақтық қысқарды (5-кесте).

Әлемдік дәнді дақылдар бағасының серпіні екінші ай қатарынан өсу үрдісін жалғастырды. 2024 жылғы мамырда индекстің өсімі 6,3% а/а (8,2% ж/ж төмендеді) болды және бұл – негізінен ірі астық өндірушілердің (Ресей, Бразилия, Еуропа) өңірлерінде қолайсыз күн райына байланысты. Дәнді дақылдар құрылымында Қара теңіз аймағындағы логистикалық қиындықтар аясында жүгері бағасының а/а 4,2% (ж/ж 18,8% төмендеді) өскені байқалды. Әлемдік нарықтағы сұраныстың қалыпты болуына байланысты күріш бағасы 2,5% а/а (23,3% ж/ж) өсті.

2024 жылғы мамырда өсімдік майларының әлемдік бағасы біршама төмендеп, дифференциалдың кеңейгені байқалады. Май бағасының а/а 2,4 төмендеуі (ж/ж-ға 7,7% өсуі) ұсыныстың өсуіне және импорт сұранысының әлсіздігіне байланысты пальма майының арзандауына байланысты болды.


Қанттың сыртқы және ішкі бағасының дифференциалы ішкі бағаның өсуі мен сыртқы бағаның төмендеуі аясында үшінші ай қатарынан өсуін жалғастырды. Биылғы мамыр айында әлемдік қант бағасының 7,5%-ға төмендеуі (ж/ж-ға 25,5% төмендеді) биылғы маусымда егін жинау үшін күн райы қолайлы болып, Бразилия тарапынан қанттың ұсынысы мол болуына байланысты қалыптасты.

Өткен айда төмендеген сыртқы және ішкі ет бағалары арасындағы дифференциал ішкі бағаның өсуі мен сыртқы бағаның төмендеуі аясында өсті. 2024 жылғы мамырда еттің әлемдік бағасы 0,2%-ға (а/а) (ж/ж-ға 1,3%-ға төмендеді) негізінен мұхит елдерінен мол ұсыныс болып, импорт сұранысының әлсіздігіне байланысты құс пен сиыр еті бағасының арзандауынан төмендеді.

---

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің баспасөз орталығы.

5-кесте. Кей азық-түлік тауарларының <sup>3</sup>әлемдік және ішкі бағасының динамикасы, теңгемен, 2019 жел. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

**Азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасының жылдық өсімі өткен айдағы деңгейінде қалып, 2024 жылғы мамырда 7,6% болды. Тауарлар құрылымында жанар-жағармай материалдары бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Бұл жоғары база есептеулерінен шығуға байланысты болып отыр. Сондай-ақ жеке пайдаланылатын тауарлар, киім және аяқкиім, сондай-ақ тұрмыстық заттар нарығында инфляциялық процестер байқалады (6-кесте).

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының айлық өсімі 2024 жылғы мамырда 0,5%-ға дейін баяулады (2024 жылғы сәуірде – 0,7%). 2024 жылғы мамырда инфляцияның азық-түлікке жатпайтын тауарлар компонентіндегі қысымның төмендеуіне өткен айда күрт өскен аудиовизуалды жабдық бағасының өсу қарқынының баяулауы (мамырда – 0,3%, сәуірде – 19,7%-ға) және жеке күтім заттары (0,3%), сондай-ақ жеке пайдалануға арналған электр құралдары бағасының төмендеуі (-1,4%) әсер етті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуіне киім тігуге арналған материалдар бағасы (3,6%), киім мен аяқкиім (0,9%) және тұрмыстық техника бағасының өсімі (1%) әсер етті.

<sup>3</sup> Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан бастап сәйкес индекстердегі өзгерістер (2019 жылғы желтоқсан = 100).

6-кесте. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы мамырда **қызмет көрсету бағасының** жылдық өсімі 13,9%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы сәуірде – 13,5%) (7-кесте). Бағаның айлық өсімі де 1%-ға (0,7%) дейін жеделдеді.

Ақылы қызметтер арасында 2024 жылғы мамырда сәуір айында өскен демалыс, ойын-сауық және мәдени шаралар қызметі (0,7%), аяқкиім жөндеу және жалға беру қызметтері (0,3%) бағасының айлық өсімі баяулады. Сонымен қатар, байланыс қызметінің құны 0,2%-ға төмендеді.

Сонымен қатар, кешенді демалыс ұйымдарының қызметтері (9,6%), қоқыс шығару (6,1%), амбулатория қызметтері (2,1%), тұрғын үй жалдау ақысы (1,5%), қоғамды тамақтандыру (1,3%) және қонақүйге қызмет көрсету (0,6%) құны қымбаттағаны байқалады.

7-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтері (ТКҚ) бағасының айлық өсу қарқыны 2024 жылғы мамырда 0,6%-ға (2024 жылғы сәуірде – 1,1%) дейін баяулады, ал жылдық мәнде 28%-дан 29,1%-ға дейін жеделдеді. Бір айда электр қуаты тарифі 1,8%-ға,

су бұру – 0,2%-ға, газ 0,1%-ға өсті. Сонымен қатар, жылу (-0,4%) және салқын су (-0,3%) тарифтері төмендеді. Ыстық судың құны өзгеріссіз қалды. (8-кесте).

8-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ТКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-ақпан, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы мамырда ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының динамикасында кері үрдіс жалғасты. Өндіріс шығындары өндіріс құралдарының, аралық және отын-энергетикалық тауарлардың қымбаттауына байланысты өсті. Қызмет көрсету саласында теміржол тасымалы тарифтерінің өсуі байқалады.


2024 жылғы мамырда ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының төмендеуі ж/ж 1,4% болды. Бұл мал шаруашылығы өнімдерінің, атап айтқанда, құс өнімдерінің қымбаттауына (12,6% ж/ж өсті), сондай-ақ кей дәнді дақыл түрлерінің бағасы ай сайын қымбаттағанына байланысты болды. Сонымен қатар, жылдық мәнде өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы төмендеуін жалғастырды (9-кесте).

Азық-түлік өндірушілері бағасының төмендеуі ж/ж (-)0,3% дейін баяулады. Ет (7,0% ж/ж) және сүт өнімдерін (1,4% ж/ж), сондай-ақ жеміс-жидек пен көкөніс шырындарын (9,3% ж/ж) өндірушілер бағасының өскені байқалады. Нан-тоқаш, макарон, ұн, кондитерлік өнімдердің және ұн-жарма өнімдерінің бағасында өсім жалғасты. Сонымен қатар, дайын мал азығы, қант, майда арзандау үрдісі жалғасты. Сусын өндірушілердің бағасы ж/ж-ға 9,3% өсті (10-кесте).

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында өнеркәсіптік сипаттағы қызметтер (9,3% ж/ж), қысқа мерзімде пайдаланылатын тауарлар (3,6% ж/ж), күрделі (2,0% ж/ж) және отын-энергетика тауарларының (12,6% ж/ж) бағасы өсе түсті. Аралық тауарлардың бағасы өткен жылғы сәуір айынан бері алғаш рет өсті (11-кесте).


Көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау тарифі одан әрі қымбаттады (12-кесте). Теміржол арқылы жүк тасымалдау қызметінің өсу қарқыны – 10,6%, автомобиль арқылы – 2,0% және әуе көлігімен тасымалдау қызметінің өсу қарқыны – 2,1% болды.

9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

10-кесте. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %



11-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

12-кесте. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %

